# Кедендік одақ туралы келісімге қатысушы мемлекеттерге әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтикалық, санитарлық, мал дәрігерлік, фитосанитарлық және экологиялық стандарттардың, нормалардың, ережелердің және талаптардың қолданылуының бірыңғай тәртібі туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 қараша N 1716.

РҚАО-ның ескертпесі!

Хаттаманың қолданысы тоқтатылды - ҚР 24.12.2014 № 266-V Заңымен.

1998 жылғы 24 қарашада Мәскеу қаласында Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының үкіметтері басшыларының кеңесінде қабылданған шешімдерді атқару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 28 қаңтарда Мәскеу қаласында жасалған Кедендік одақ туралы келісімге қатысушы мемлекеттерге әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтикалық, санитарлық, мал дәрігерлік, фитосанитарлық және экологиялық стандарттардың, нормалардың, ережелердің және талаптардың қолданылуының бірыңғай тәртібі туралы хаттама бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының барлық мүдделі министрліктері мен ведомстволары аталған Хаттаманың ережелерін іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Хаттаманың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Интеграциялық комитетке Хаттаманың бекітілгендігі туралы құлақтандыру жолдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

## Кеден одағы туралы келісімге қатысушы мемлекеттерге әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтік, санитариялық, ветеринариялық, фитосанитариялық және экологиялық стандарттарды, нормаларды, ережелерді және талаптарды қолданудың бірыңғай тәртібі туралы Хаттама

Бұдан әрі тараптар деп аталатын, Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі,

1997 жылғы 22 қазандағы Кеден одағын қалыптастыру кезіндегі тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы Келісімді басшылыққа ала отырып,

тауарлар импорты саласындағы техникалық, медициналық, фармацевтік, санитариялық, ветеринариялық, фитосанитариялық және экологиялық стандарттарды, нормаларды, ережелерді және талаптарды (бұдан әрі - "стандарттар мен талаптар") қолдану тәртібін сәйкестендіру - бірыңғай кеден одағына біртіндеп көшу шарттарының бірі болып табылатындығын тани отырып,

қабылданатын шаралар Кеден одағы туралы Келісімге қатысушы мемлекеттер азаматтарының өмірін, денсаулығын сақтауға және қоршаған ортаны қорғауға жәрдемдесетін болады деп санай отырып,

халықаралық сауда қауіпсіздігін сақтау саласындағы халықаралық міндеттемелерге сәйкес іс-қимыл жасай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

**1-Бап**

Тараптар аумағына әкелінетін тауарларға қатысты стандарттар мен талаптарды қолданудың бірыңғай тәртібіне олар үшін бірыңғай стандарттар мен талаптар белгіленген жекелеген тауарларды әкелу тәртібін бұзушылықтарды айқындауға, алдын алуға және жолын кесуге бағытталған шаралар мен ережелердің жиынтығы енеді.

**2-Бап**

Тараптар N 1 Ережеде көрсетілген министрліктер мен ведомстволарға Кеден одағы туралы келісімге қатысушы мемлекеттерге әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтік, санитариялық, ветеринариялық, фитосанитариялық және экологиялық стандарттардың, нормалардың, ережелердің және талаптардың қолданылуын бақылауды белгілеуге және жүзеге асыруға уәкілеттік береді.

**3-Бап**

Стандарттар мен талаптарды қолданудың бірыңғай тәртібі Тараптар мемлекеттерінің кеден аумағына әкелінетін тауарларға да және өндірілетін тауарларға да қолданылады.

**4-Бап**

Осы Хаттамада көзделген және Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумағында қолданылатын стандарттар мен талаптарға сәйкес келмейтін тауарларды Тараптар мемлекеттерінің кеден аумағына әкелуге тыйым салынсын.

Тараптардың уәкілетті органына Тараптар бірыңғай стандарттар мен талаптарға сәйкес келмейді деп таныған тауарлар әкелудің жолын кесу үшін келісілген іс-қимылдарды қамтамасыз ету тапсырылсын.

**5-Бап**

Тараптардың уәкілетті органына Өнімдерді сертификаттаудан өткізудің тәртібі мен ережелеріне қойылатын жалпы талаптарды басшылыққа алып отыру тапсырылсын (N 2 Ереже).

Кеден органдарына міндетті сертификатталуға жататын тауарларды Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумағына әкелу тәртібі туралы ережені басшылыққа алуды тапсырылсын (N 3 Ереже).

**6-Бап**

Уәкілетті органға осы Хаттама күшіне енгізілген күнінен бастап үш ай ішінде сертификаттар үлгілерін, сәйкес келудің ұлттық белгілерін, тауарларды сертификаттауды жүзеге асыратын аккредиттелген органдардың тізбелерін алмасып отыру тапсырылсын.

**7-Бап**

Бірыңғай кеден аумағын құру рәсімін аяқтауға дейін үш айдан кешіктірмей әкелінетін тауарларды міндетті сертификаттау кезінде сәйкес келудің ұлттық белгілерін өзара тану жөніндегі ведомствоаралық құжат әзірленсін және келісілсін.

**8-Бап**

Келісімге қатысушылар болып табылмайтын мемлекеттерден импортталатын міндетті сертификатталуға және гигиеналық тіркелуге жататын тауарларды әкелу мен өткізуге қатысты Кеден одағын қалыптастыру кезіндегі тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы ұлттық режим қолданылсын.

**9-Бап**

Осы Хаттаманы іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру мақсатында Интеграциялық Комитеттің жанынан Өнімдерді стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комиссияны құру қажет деп саналсын.

Комиссияның, оның жұмысының регламенті және құрамы туралы Ережені тараптардың уәкілетті органдары осы Хаттама күшіне енген күнінен бастап үш ай ішінде әзірлеуге және Интеграциялық Комитеттің бекітуіне табыс етуге тиіс.

Комиссия бірыңғай кеден аумағын құру рәсімі аяқталғанға дейін үш айдан кешіктірмей Тараптар мемлекеттерінің кеден аумақтарына тауарларды әкелу кезінде олардың ұлттық мүдделерін ескере отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін міндетті сертификатталуға жататын тауарлардың бірыңғай тізбесін әзірлесін және келіссін.

**10-Бап**

Тараптардың уәкілетті органдары Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық бақылауға жататын тауарларды әкелу тәртібі туралы Ережені басшылыққа алсын (N 4 Ереже).

Интеграциялық Комитетке Тараптардың уәкілетті органдарымен бірлесе отырып осы Хаттама күшіне енген күнінен бастап үш ай ішінде мемлекеттік санитариялық қадағалауға жататын тауарларды (N 4.1 Ереже); ветеринариялық бақылауға жататын

тауарларды (N 4.2 Ереже); фитосанитариялық бақылауға жататын тауарларды (N 4.3 Ереже) оларды Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтарына әкелу кезінде тауарлардың кодталған тізбесін келіссін.

## 11-Бап

Бірыңғай кеден аумағын құрғанға дейін Тараптар Тараптар мемлекеттерінің кеден аумақтарына дәрі-дәрмек заттарын, медициналық мақсаттағы және медициналық техника бұйымдарын әкелу кезіндегі рұқсат тәртібіне қатысты ұлттық режимді қолданатын болады деп келісілсін.

Тараптар мемлекеттерінің кеден аумақтарына жануарларға арналған дәрі-дәрмек заттарын әкелу Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің 1993 жылғы 12 наурыздағы "Ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы" үкіметаралық келісіммен реттеледі.

Тараптар бірыңғай кеден аумағын құрған кезде дәрі-дәрмек заттарын, медициналық мақсаттағы және медициналық техника бұйымдарын әкелуді реттеудің бірыңғай тәртібі Тараптар қатысушылары болып табылатын Кеден одағын қалыптастыру кезіндегі тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы Келісімнің 10-бабында көзделген рәсімдер мен мерзімдерге сәйкес белгіленетін болады деп мақұлдайды.

## 12-Бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден аумақтарына есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, прекурсорларды, күшті елітетін және улы заттарды әкелген кезде Тараптар өздерінің міндеттемелерін 1972 жылғы түзетулерімен 1961 жылғы 30 наурыздағы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенция, 1971 жылғы 21 ақпандағы Психотроптық заттар туралы конвенция және БҰҰ-ның 1988 жылғы 20 желтоқсандағы Есірткі құралдары мен психотроптық құралдардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы конвенция шеңберінде басшылыққа алатын болады.

Тараптар бірыңғай кеден аумағын құрғанға дейін есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, прекурсорларды, күшті елітетін және улы заттарды әкелуге рұқсат тәртібіне қатысты ұлттық режимді қолданады.

Тараптар уәкілетті органдарға Тараптар мемлекеттерінің кеден аумақтарына есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, прекурсорларды, күшті елітетін және улы заттарды заңсыз әкелудің жолын кесу мақсатымен тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыруды тапсырады.

Тараптар бірыңғай кеден аумағын құру кезінде есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, прекурсорларды, күшті елітетін және улы заттарды әкелудің бірыңғай тәртібі олар қатысушылары болып табылатын Кеден одағын қалыптастыру кезіндегі тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы Келісімнің 10-бабында көзделген рәсімдер мен мерзімдерге сәйкес белгіленетін болады деп мақұлдайды.

## 13-Бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден аумақтарына Тараптар озонды бүлдіретін және олардың өнімі бар заттарды әкелу кезінде 1985 жылғы 22 наурыздағы Озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясын және 1987 жылғы 16 қыркүйектегі Озон қабатын бүлдіретін заттар бойынша Монреаль хаттамасын басшылыққа алады.

Уәкілетті органдарға Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына озонды бүлдіретін және олардың өнімі бар заттарды әкелу және оларды Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарынан әкету тәртібі туралы Ережені басшылыққа алу тапсырылсын (NN 5, 5.1, 5.2, 5.3 Ережелер).

## 14-Бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден аумақтарына 1973 жылғы 3 наурыздағы Құрып кету қаупі төнген жабайы флора мен фаунаның түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның (СИТЕС) қолданылуына түсетін жануарлар мен өсімдіктерді, сондай-ақ олардың бөліктерін немесе туындыларын әкелу кезінде Тараптар аталған Конвенцияның баптары мен ережелерін басшылыққа алатын болады.

Тараптардың уәкілетті органдарына СИТЕС-ке қатысты олардың мемлекеттерін белгілегенге дейін Ресей Федерациясындағы СИТЕС-тің Әкімшілік органымен өзара іс-қимылда болу тапсырылсын.

СИТЕС-тің қолданылуына түсетін тауарларды әкелу Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына СИТЕС-тің қолданылуына түсетін жануарлар мен өсімдіктер түрлерін, олардың бөліктерін немесе туындыларын әкелудің және оларды Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарынан әкетудің арнаулы ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

СИТЕС-тің қолданылуына түсетін тауарларды СИТЕС-ке қатысы белгіленбеген Кеден одағына қатысушы мемлекеттерден Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтарына әкелу Ресей Федерациясындағы СИТЕС-тің Әкімшілік органының рұқсаты болған кезде; басқа мемлекеттерден әкелу - экспорттаушы ел СИТЕС органы

Әкімшілік органының немесе, егер ел СИТЕС-тің тарабы болып табылмаса, экспорттаушы елдің басқа құзыретті органының рұқсаты болған кезде, ал СИТЕС-тің I Ережесіндегі үлгілерді СИТЕС-ке қатысы белгіленбеген Кеден одағына қатысушы мемлекеттер аумағына әкелген жағдайда, - Ресей Федерациясындағы СИТЕС-тің Әкімшілік органының рұқсаты болған кезде жүзеге асырылады.

## 15-Бап

Тараптар 1989 жылғы 22 наурыздағы Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды жоюды бақылау туралы Базель конвенциясына және оны іске асыру барысында қабылданған халықаралық құжаттарға сәйкес қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдаудың бірыңғай тәртібін сақтайды.

Осы мақсатта олар уәкілетті органдарға Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды мемлекеттік реттеудің бірыңғай тәртібі туралы ережені (N 6 Ереже) басшылыққа алуды және Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында ( арқылы) олардың импортына (транзитіне) тыйым салынатын, ал экспорты оларды трансшекаралық тасымалдау мемлекеттік реттеуге жататын (N 6.2 Ереже) қауіпті қалдықтарды да мемлекеттік реттеуге жататын (N 6.1 Ереже) қауіпті қалдықтардың бірыңғай тізбелерін тапсырады.

Аталған Базель конференциясына қатысушылар болып табылмайтын мемлекеттер үшін осы Хаттамаға N 6 Ереже олар үшін аталған Конвенцияға қосылғаннан кейін күшіне енеді.

## 16-Бап

Осы Хаттамада көзделген тауарларды Тараптар мемлекеттерінің бірінің кеден аумағына әкелген және осы тауарларды басқа Тарап (немесе Тараптар) мемлекетінің ( мемлекеттерінің) кеден аумағы бойынша алып жүрген кезде кедендік ресімдеу арналған мемлекетте жүзеге асырылады.

Осы Хаттамада көзделген тауарларды арналған мемлекеттің кеден органдары тұрған жерге жеткізу 1995 жылғы 10 ақпанда қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Кеден заңдарының негіздеріне сәйкес жүргізіледі.

Тараптар осы Хаттамада күшіне енген күнінен бастап алты ай ішінде бір Тараптың ( немесе Тараптардың) кеден аумағы арқылы және оларды әкелу осы Хаттаманың 11-13-

баптарымен реттелетін тауарлар бөлігіне қатысты басқа Тараптың кеден аумағына апарылатын тауарлар транзитінің тәртібін реттейтін құжатты әзірлейді.

## 17-Бап

Осы Хаттама баптарының жекелеген ережелерін және оған қосымшаларды түсіндіру кезінде пайда болған даулар мен келіспеушіліктер консультациялар өткізу арқылы, қажет жағдайда - Интеграциялық Комитеттің отырыстарында, ал келіспеушіліктерді жоюдың сәті түспеген жағдайларда - Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы Мемлекетаралық Кеңесінің жанындағы Үкімет басшылары Кеңесінің отырыстарында шешіледі.

Хаттама Кеден одағын қалыптастыру кезіндегі тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы Келісімге қосылған кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық болады.

Кез келген Тарап оның ажырамас бөлігі осы Хаттама болып табылатын, Кеден одағын қалыптастыру кезіндегі тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы Келісімнен шығу рәсімін қамтамасыз етіп барып, осы Хаттамадан шыға алады.

Осы Хаттамаға NN 1, 2, 3, 4, 4.1, 4.2, 4.3, 5, 5.1, 5.2, 5.3, 6, 6.1, 6.2, қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

## 18-Бап

Осы Хаттаманың депозитарийі Интеграциялық Комитет болып табылады.

## 19-бап

Хаттама оған қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және депозитарий ішкі мемлекеттік рәсімдердің орындалуы туралы соңғы мәлімет алғаннан кейін күшіне енеді.

1999 жылғы 28 қаңтарда орыс тіліндегі бір түпнұсқа дана болып Мәскеу қаласында жасалды. Түпнұсқа дана Интеграциялық Комитетте сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекеттің үкіметіне оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей

Республикасының Республикасының Республикасының Федерациясының

Үкіметі Үкіметі Үкіметі Үкіметі

үшін үшін үшін үшін

Кеден одағы туралы келісімге

қатысушы мемлекеттерге әкелінетін
тауарларға қатысты техникалық,
медициналық, фармацевтік, санитариялық
,
ветеринариялық, фитосанитариялық және
экологиялық стандарттарды, нормаларды,
ережелерді және талаптарды қолданудың
бірыңғай тәртібі туралы Хаттамаға
N 1 қосымша

## Кеден одағы туралы келісімге қатысушы мемлекеттерге әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтік, санитариялық, ветеринариялық, фитосанитариялық және экологиялық стандарттарды, нормаларды, ережелерді және талаптарды қолдануды бақылауды белгілеуге және жүзеге асыруға уәкілетті министрліктер мен ведомстволардың Тізбесі

Беларусь Республикасы:

- Беларусь Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік комитеті;
- Беларусь Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті;
- Беларусь Республикасының Ауыл шаруашылық және азық-түлік министрлігі;
- Беларусь Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
- Беларусь Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі;
- Беларусь Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі Министрлігі жанындағы өнеркәсіп және атом энергетикасы жұмыстарын қауіпсіз жүргізуді қадағалау жөніндегі комитеті.

Қазақстан Республикасы:

- Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Денсаулық сақтау комитеті;
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігі;
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті;
- Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Метрология, стандарттау және сертификаттау жөніндегі комитеті.

Қырғыз Республикасы:

- Қырғыз Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті;
- Қырғыз Республикасының Стандарттау және метрология жөніндегі мемлекеттік инспекциясы;

- Қырғыз Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
- Қырғыз Республикасының Ауыл және су шаруашылығы министрлігі;
- Қырғыз Республикасының Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік инспекциясы;
- Қырғыз Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі.

Ресей Федерациясы:

- Ресей Федерациясының Өнеркәсіп және сауда министрлігі;
- Ресей Федерациясының Мемлекеттік кеден комитеті;
- Ресей Федерациясының Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті;

Ресей Федерациясының Жер саясаты, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі министрлігі;

Ресей Федерациясының Денсаулық сақтау министрлігі;

Ресей Федерациясының Ауыл шаруашылық және азық-түлік министрлігі.

Кеден одағы туралы келісімге
қатысушы мемлекеттерге әкелінетін
тауарларға қатысты техникалық,
медициналық, фармацевтік, санитариялық
,
ветеринариялық, фитосанитариялық және
экологиялық стандарттарды, нормаларды,
ережелерді және талаптарды қолданудың
бірыңғай тәртібі туралы Хаттамаға
N 2 қосымша

## Өнімдерге сертификаттау жүргізу тәртібі мен ережелеріне қойылатын Жалпы талаптар

Осы құжат Кеден одағы туралы келісімге (бұдан әрі - Кеден одағы мемлекеттері) қатысушы мемлекеттердің өнімдеріне міндетті сертификаттау жүргізу тәртібі мен ережелеріне қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Құжат сертификаттау нәтижелерін тануды және Кеден одағы мемлекеттерінің арасындағы саудадағы техникалық тосқауылдарды болдырмауды қамтамасыз етуге бағытталған.

1. Сертификаттауды жүргізу ережелерінің жалпы шарттары.

1.1. Кеден одағы мемлекеттерінде сертификаттау жөніндегі қызмет олардың заңдары мен құқықтық актілері шеңберінде жүзеге асырылады.

1.2. Сертификаттау Кеден одағы елдерінде бір тектес өнімді сертификаттау жөніндегі ережелерді пайдалана отырып сертификаттаудың тиісті жүйелерінде жүргізіледі.

1.3. Міндетті сертификаттау Кеден одағы мемлекеттерінің заң актілерінде көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

1.4. Міндетті сертификаттауға жатқызылатын тауарлардың тізбесі Кеден одағының әрбір мемлекетінде оның заңдарына сәйкес белгіленеді.

1.5. Міндетті сертификаттау кезінде пайдаланылатын нормативтік құжаттарға мемлекетаралық стандарттар, мемлекеттік стандарттар, санитариялық нормалар мен ережелер, құрылыс нормалары мен ережелері, қауіпсіздік жөніндегі нормалар, сондай-ақ Кеден одағы мемлекеттерінің заңдарына сәйкес өнімге міндетті талаптарды белгілейтін басқа да құжаттар енеді.

1.6. Сертификаттау кезінде қолданылатын сынау әдістері Кеден одағының басқа мемлекетіндегі салғастырылатын сынаулар нәтижелерін олардың көмегімен немесе баламалы әдістердің көмегімен алуға мүмкіндік беруі тиіс.

1.7. Сертификаттау схемасы Кеден одағы мемлекеттерінің сертификаттау жүйесімен белгіленеді.

1.8. Өнімді сертификаттауды және оны сынауды Кеден одағы мемлекетінде белгіленген тәртіппен аккредиттелген сертификаттау жөніндегі органдар және аккредиттелудің өз саласы шегінде сынау лабораториялары (орталықтары) жүргізеді.

1.9. Сертификаттау және сынау лабораториялары бойынша аккредиттелген органдарының тізілімі Кеден одағының басқа да мемлекеттері үшін жетімді болуға тиіс .

2. Сертификаттауды жүргізу тәртібіне қойылатын жалпы талаптар.

2.1. Өнімді сертификаттауға мынадай негізгі рәсімдер:

- өтінімдер беру;

- өтінімдерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау өнімдерді сәйкестендіру және үлгілерді сұрыптау өндірісті тексеру (егер бұл сертификаттау схемасында көзделсе);

- алынған нәтижелерді талдау сәйкес келу белгісін қолдануды ресімдеу және сертификат пен рұқсат беру (лицензия);

- сертификатталған өнімді инспекциялық бақылау (егер бұл сертификаттау схемасында көзделсе) енеді.

Сертификаттаудың әрбір рәсімі құжаттық тұрғыдан ресімделуге тиіс.

2.2. Өнімді сертификаттауды жүргізу үшін өтініш беруші өтінімді өнімді сертификаттау жөніндегі тиісті аккредиттелген органға жібереді.

Өтінімнің нысаны, оған қоса берілетін құжаттардың құрамы мен мазмұны Кеден одағы мемлекеттерінің сертификаттау жүйесімен белгіленеді.

2.3. Сертификаттау жөніндегі орган өтінімді қарайды және ол бойынша сертификаттауды жүргізудің шарттары, оның ішінде сертификаттау схемасы бар шешім қабылдайды.

Сертификаттау схемасын таңдаған кезде дәлелдемелік деңгейі, өтінім беруші шығындарының мүмкіндігі қажет етілетін нақты өнімді өндірудің, сынаулардың, жеткізу мен пайдаланудың ерекшеліктері ескерілгені жөн.

2.4. Сынау үлгілерге, конструкцияларға жүргізіледі, олардың құрамы мен дайындау технологиясы тұтынушыға (тапсырысшыға) жеткізетін өнімдегідей болуға тиіс.

Өнімнің үлгілері, оларды сұрыптау тәртібі, сәйкестендіру және сақтау ережелері сол өнімге нормативтік құжаттарға және Кеден одағы мемлекеттерінің сынау әдістемелеріне сәйкес белгіленеді.

Сынау хаттамалары өтініш берушіге және сертификаттау жөніндегі органға беріледі . Сынау хаттамаларының көшірмелері Кеден одағы мемлекеттерінің өнімді сертификаттау жүйелерінде белгіленген мерзімдер бойында және сынау лабораторияларының құжаттарымен, бірақ сертификаттаудың қолданылуынан кем емес мерзімде сақталуға тиісті.

2.5. Сертификаттаудың схемасына қатысты өндіруді бағалау мынадай үш нысанның бірінде:

- өндірудің жай-күйін талдау;
- өндіруді сертификаттау;
- сапа жүйесін сертификаттау арқылы жүргізіледі.

2.6. Сертификаттау жөніндегі орган сынау хаттамаларын өндіруді бағалауды, өндіруді сертификаттауды немесе сапасының жүйесін (егер бұл сертификаттау схемасымен белгіленсе) талдағаннан өнімнің сәйкес келуі туралы басқа да құжаттарды талдағаннан кейін өнімнің белгіленген талаптарға сәйкес келуін жалпы бағалауды жүзеге асырады, сертификатты ресімдейді және оны тіркейді.

Сертификатта сертификатты беруге, сертификаттау схемасына сәйкес келуге негіз болатын барлық құжаттар, сондай-ақ мемлекеттік қадағалау органдары (санитариялық, ветеринариялық және т.б. берген құжаттар көрсетіледі.

Міндетті сертификаттау кезінде, егер өнім осы өнім үшін бүкіл нормативтік құжаттарда белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келсе, сертификат беріледі.

2.7. Сертификаттың қолданылу мерзімін сертификаттау жөніндегі орган белгілейді. Сертификатты қолданудың қажеттігі мен нақты мерзімдері Кеден одағы мемлекеттерінің сертификаттау жүйесінде белгіленеді.

2.8. Сертификаттардың нысандары Кеден одағы мемлекеттерінің сертификаттау жүйесінде белгіленеді.

2.9. Рұқсат (лицензия) негізінде сертификат берілген өнім Кеден одағы мемлекеттерінің сертификаттау жүйесінде қабылданған белгімен таңбаланады. Сәйкес келу белгісі бұйымға және (немесе) ыдысқа, бумаға, жөнелтпе құжаттамаға қойылады.

2.10. Сертификатталған өнімге қоса берілетін жөнелтпе құжаттамада жүргізілген сертификаттау туралы жазба жасалады және сертификаттаудың нөмірі мен берілген күні және оны берген орган көрсетіледі.

2.11. Кеден одағы мемлекеттерінің сертификаттау жөніндегі органы Кеден одағының басқа мемлекетінің сертификаттау жөніндегі органы берген сертификатты тану негізінде белгіленген тәртіппен сертификаттарды бере алады. Бұл жағдайда сертификатты берумен бір мезгілде, егер сәйкес келу белгілерін өзара тану туралы келісім болмаса, сәйкес келу белгісін қолдануға рұқсат (лицензия) беріледі.

2.12. Сертификатталған өнімге инспекциялық бақылау (егер бұл сертификаттау схемасында көзделсе) сертификаттың қолданылу мерзімінің бойында, бірақ жылына бір реттен кем емес, таратылатын өнімнің сертификаттау кезінде бекітілген белгіленген талаптарға сәйкес келуі жалғасатынын растау үшін қажетті өнім үлгілерін сынау мен басқа тексерулерді қоса алатын, мерзімді және жоспардан тыс тексерулер нысанында жүргізіледі.

2.13. Инспекциялық бақылау нәтижесі бойынша сертификаттау жөніндегі орган өнім сертификаттау кезінде бақыланатын нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келмеген жағдайда сертификаттың қолданылуын тоқтата тұра алады немесе тоқтатады.

3. Сертификаттау нәтижелері туралы ақпаратқа қойылатын жалпы талаптар.

3.1. Сертификаттауды ақпараттық қамтамасыз етудің негізі Кеден одағы мемлекеттерінің сертификаттау жүйесінің мемлекеттік тізілімдері болып табылады.

3.2. Кеден одағы мемлекеттерінің сертификаттау жөніндегі ұлттық органы Кеден одағының басқа мемлекетінің ұлттық органынан мынадай ақпаратты:

- сертификаттардың нысандары мен сертификаттау жүйесінде қолданылатын сәйкес келу белгілерін;
- міндетті сертификатталуға тиісті өнімдер тізбесін;
- өнімге сертификаттардың қолданылуын тоқтату, тоқтата тұру және жаңадан қалпына келтіру туралы мәліметтерді;
- сертификаттау жөніндегі аккредиттелген органдар мен сынау лабораториялары ( орталықтары) туралы мәліметтерді береді.

3.3. Кеден одағы мемлекеттерінің сертификаттау жөніндегі органы сертификаттау жөніндегі органының немесе Кеден одағы басқа мемлекетінің өзге мемлекеттік органының сұрау салуы бойынша:

- нақты өнімге сертификатты беруді растау және оның қолданылу мерзімін;
- сертификатталған сынаулар хаттамаларын, басқа да мәліметтерді, мысалы, сертификатты ұстаушы, өнімді дайындаушы туралы қосымша мәліметтерді береді.

3.4. Кеден одағы мемлекеттерінің сертификаттау жүйесінде берілген сертификаттардың көшірмелері осы мемлекетте белгіленген тәртіппен куәландырылады.

Кеден одағы туралы келісімге
қатысушы мемлекеттерге әкелінетін
тауарларға қатысты техникалық,
медициналық, фармацевтік, санитариялық
,
ветеринариялық, фитосанитариялық және
экологиялық стандарттарды, нормаларды,
ережелерді және талаптарды қолданудың
бірыңғай тәртібі туралы Хаттамаға
N 3 қосымша

## Міндетті сертификатталуға жататын тауарларды Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына әкелу тәртібі туралы Ереже

Осы Ереже құжат Кеден одағын қалыптастыру кезіндегі тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы келісімге сәйкес әзірленді және Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына міндетті сертификатталуға жататын тауарларды ( бұдан әрі - тауарлар) әкелудің тәртібін белгілейді және қатысушылары жоғарыда аталған мемлекеттер болып табылатын Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ( бұдан әрі - қатысушы мемлекеттер) заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, меншік нысандарына, тіркелген жеріне, ведомстволық тиістілігі мен мемлекеттік тиістілігіне қарамастан, Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында тіркелген шаруашылық қызметтің барлық субъектілеріне қолданылады.

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарында міндетті сертификатталуға жататын тауарларды шығару кезінде тауарлар осы мемлекеттерде белгіленген стандарттар мен талаптарға сәйкес келуі, оған қатысушы мемлекеттердің уәкілетті органдары берген немесе таныған сертификаты (рұқсаты) болуға тиіс. Сәйкес келу сертификаттары немесе оларды тану туралы куәліктер кеден декларациясымен бірге кеден органдарына беріледі.

1.2. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына әкелінетін және міндетті сертификатталуға жататын тауарлардың тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес белгіленеді.

Аталған Тізбе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыртқы экономикалық қызметі Тауар номенклатурасының (бұдан әрі - ТМД СЭҚ ТН) талаптарына сәйкес құрылады.

1.3. Қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарында белгіленген стандарттар мен талаптарға сәйкес келуді растайтын құжат импорттаушы елдің сертификаттау жүйесінің ережелері бойынша берілген сертификаттар болып табылады.

Аталған сертификат басқа қатысушы мемлекеттердің ұлттық сертификаттау жүйелерінде берілген сертификатты тану туралы куәлік те болып табылады.

1.4. Қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына тауарларды жеткізуге жасалған келісім-шарттар (шарттар) ережелерінде қатысушы мемлекеттердің оған уәкілетті органдары берген немесе танылуға тиісті сертификаттар мен сәйкес келу белгілерінің болуы көзделуге тиіс.

2.Тауарларды кеден режимінің шарттарына сәйкес шығару ерекшелігі.

2.1. Қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңдарында көзделген "еркін айналыс үшін шығару" кедендік режимінде және өзге кеден режимдерінде мәлімделген міндетті сертификатталуға жататын тауарлар осы мемлекеттердің кеден органдарына сертификаттарды (рұқсаттарды) немесе кедендік ресімдеуді жүргізу үшін қажетті осы мемлекеттердің уәкілетті мемлекеттік органдарының басқа да рұқсаттық құжаттарын берген жағдайлар кезінде ғана қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарында шығарылуға жатады.

2.2. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің уәкілетті органдары белгілеген жағдайда міндетті сертификатталуға жататын тауарларды олар орналасқан кеден режиміне қарамастан, сәйкес келу сертификаттарын беру шарттарынсыз шығаруға жол беріледі.

Аталған тауарлар иеліктен алынған жағдайда олар белгіленген тәртіппен сертификатталуға жатады. Міндеттемелерді орындамаған кезде Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңдарымен белгіленген шаралар қолданылады.

3. Әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеу

3.1. Әкелінетін тауарлар осы тауарларды алушы немесе оның құрылымдық бөлімшесі тұрған Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органы қызмет ететін аймақта кедендік ресімдеуге жатады.

Қатысушы мемлекеттердің кеден заңдарында белгіленген жекелеген жағдайларда тауарларды өзге кеден органдары ресімдеуі мүмкін.

3.2. Әкелінетін тауарлар кедендік ресімдеу кезеңінде кедендік бақылауда уақытша сақталуда тұрады. Уақытша сақтаудың шекті мерзімі Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес белгіленеді.

3.3. Әкелінетін тауарлар оларды кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органында Қатысушы мемлекеттердің Бас кеден органы белгілеген тәртіппен декларациялауға жатады.

Кедендік декларациямен және кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүргізу үшін қажетті өзге құжаттармен бірге декларант кеден органына белгіленген нысандағы сертификатты және (немесе) белгіленген талаптарға сәйкес уәкілетті органның әкелуге құқық беретін рұқсатын табыс етуге міндетті.

Кеден декларациясы ретінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің сәйкестендірілген кедендік жүк декларациясын (бұдан әрі - КЖД) пайдаланған кезде декларант 6-тармақтың 44-бағанасындағы КД I (КД2) нысанындағы:

- сертификат берген органның қысқаша атауын;
- сертификаттың нөмірі мен оның берілген күнін;
- сертификаттың қолданылу мерзімін көрсетуге міндетті.

Кеден декларациясы ретінде өзге құжатты пайдаланған кезде декларант осы құжатта аталған мәліметтерді мәлімдеуге тиіс.

3.4. Кедендік ресімдеу және кедендік бақылау мақсаттары үшін оның нысаны мен мазмұнын туындатқан әдіспен дайындалуға тиіс сертификаттың куәландырылған көшірмесі пайдаланылады.

Көшірмені:

- нотариус;
- сертификат берген орган;
- сертификаттау және метрология жөніндегі аумақтық органдар;
- Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің консулдық мекемесі куәландыруы мүмкін.

3.5. Сертификаттың куәландырылған көшірмесі кеден органының істерінде қалады және декларантқа қайтаруға жатпайды.

3.6. Сертификаттау мақсаттары үшін декларанттар немесе тауарға қатысты өкілеттігі болатын өзге де адамдар кеден органының рұқсатымен әкелінген тауарды кеден органының бақылауымен тексере, сондай-ақ Олардың сынамалары мен үлгілерін өздерімен бірге ала алады.

Сынамалар мен үлгілер кеден органы лауазымды адамдарының көзінше бұл сынамалар мен үлгілерді зерттеуді қамтамасыз ететіндей болмашы мөлшерде алынады.

Сынамалар мен үлгілерді алғаны туралы еркін нысанда акт жасалады, оған кеден органының лауазымды адамдары, сондай-ақ сынамалар мен үлгілерге сұрыптау жүргізген адамдар қол қояды.

Тауарлардың сынамалары мен үлгілеріне олар тауарларға қатысты берілетін кеден декларациясында қамтылу шарттары болған кезде жеке кеден декларациясы берілмейді .

Сыналатын үлгілерді қайтару немесе сынау нәтижелерінде оларды жоғалту (жою) шарттары декларантпен немесе тауарларға қатысты өкілеттіктері болатын өзге адамдардың және стандарттау және сертификаттау жөнінде қатысушы мемлекеттің уәкілетті органының немесе оның аумақтық органының арасында жасалған шартта келісілуге тиіс.

3.7. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден органдарының лауазымды адамдары кедендік ресімдеуді жүргізген кезде өзге әрекеттерден басқа:

- сертификат көшірмесіне қойылған қолдар мен мөрлерді;
- сертификат берген органның өкілеттігін;
- әкелінетін тауардың сертификатқа сәйкес келуін;
- сертификаттың қолданылу мерзімін;
- кедендік ресімдеуге қажетті өзге де мәліметтерді тексеруді жүзеге асырады.

Жеткілікті негіздер болған жағдайда кеден органы декларанттан Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына әкелінетін тауарға сертификат берілу фактісін растауды талап ете алады.

Қажет болған жағдайда тексеруге қатысушы мемлекеттердің стандарттау және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының және/немесе оның аумақтық органдарының өкілдері тартылуы мүмкін.

3.8. Тауарларды шығаруды кеден органы уәкілетті лауазымды адамы кеден органы кеден декларациясын қабылдаған, сондай-ақ сертификаттарды және кедендік мақсаттар үшін басқа да қажетті құжаттар мен мәліметтерді берген күннен бастап он күннен кешіктірмей жүргізеді.

Оларға қатысты қатысушы мемлекеттердің Бас кеден органдары кедендік рәсімдеудің оңайлатылған тәртібін белгілеген тауарларды шығару үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Осы ережені бұзғаны үшін жауапкершілік

Осы Ережені бұзуға кінәлі адамдар Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Кеден одағы туралы келісімге
қатысушы мемлекеттерге әкелінетін
тауарларға қатысты техникалық,
медициналық, фармацевтік, санитариялық,
ветеринариялық, фитосанитариялық және
экологиялық стандарттарды, нормаларды,
ережелерді және талаптарды қолданудың
бірыңғай тәртібі туралы Хаттамаға

N 4 қосымша

**Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық бақылауға жататын тауарларды әкелу тәртібі туралы**
**Ереже**

## 1. Негізгі ережелер

Осы Ереже Кеден одағын қалыптастыру кезіндегі тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы келісімге сәйкес әзірленді және Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық бақылауға (бұдан әрі мәтін бойынша - бақыланатын тауарлар) жататын тауарларды әкелу тәртібін белгілейді.

Осы Ереже үшін мынадай мағыналардағы ұғымдар пайдаланылады:

- мемлекеттік қадағалау органы - Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық қадағалау (бақылау) жасайтын уәкілетті мемлекеттік органдары;
- өткізу пункттері - Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы мен Кеден одағы туралы келісімге қосылушы басқа да мемлекеттердің мемлекеттік шекаралары арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өтуіне арналған белгіленген жерлер.

Осы Ереженің күші өндірістік немесе өзге коммерциялық мақсатқа арналмаған жеке адамдар әкелетін және санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық бақылауға жататын тауарларға қолданылмайды.

Санитариялық бақылауға жататын тауарлардың бағдарламалық тізбесі осы Ережеге 4.1-Қосымшада келтірілген.

Ветеринариялық бақылауға жататын тауарлардың бағдарламалық тізбесі 4.2-Қосымшада келтірілген.

Фитосанитариялық бақылауға жататын тауарлардың бағдарламалық тізбесі 4.3-Қосымшада келтірілген.

Аталған бағдарламалық тізбелер мемлекеттік қадағалау ұлттық органдарының құзыретін ведомствоаралық шектейтін сипатта болмайды. Тараптар Интеграциялық Комитетпен бірлесіп, бұл тізбелерді осы Ережеде қолдану процесінде үнемі нақтылау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Осы Ереже меншік нысандарына, оларды тіркеген жерлеріне, Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына бақылауға алынатын тауарларды әкелуді жүзеге асыратын ведомстволық және мемлекеттік тиістілігіне қарамастан, бүкіл шаруашылық қызметі субъектілерінің, сондай-ақ бақылауға алынатын тауарларды

әкелуге мемлекеттік қадағалауды (бақылау) жүзеге асыратын Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік органдарының орындауы үшін міндетті.

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік қадағалау органдары өз құзыреті шеңберінде бақыланатын тауарлардың өткізу пункттері арқылы тез арада өтуіне бағытталған барлық шараларды қолданады.

## 2. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтарына әкелінетін тауарларға, оларды әкелу және өткізу шарттарына қойылатын негізгі талаптар

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына әкелінетін бақылауға алынатын тауарлар қатысушы мемлекеттерде қолданылатын нормативтік-құқықтық актілер талаптарына және/немесе Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік қадағалау органдары өздерінің құзыретіне сәйкес таныған тауарлардың қасиеті мен сапасына қойылатын халықаралық талаптарға (ұсыныстарға) сәйкес келуге тиіс.

2.1. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына үшінші елдерден бақылауға алынатын жүктерді әкелу мемлекеттік қадағалаудың уәкілетті органдарының рұқсатымен ғана мүмкін болады.

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына бақылауға алынатын тауарларды әкелу мен өткізудің міндетті шарты қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік қадағалаудың уәкілетті органдары белгіленген нысан бойынша берген құжаттар болып табылады. Аталған құжаттар Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің бүкіл аумақтарында қолданылады. Бақылауға алынатын тауарларды әкелу мен өткізуге ( немесе топтама көлемін шектеуге) құқық беретін құжаттардың қолданылу мерзімін оларды берген мемлекеттік қадағалау органдары белгілейді.

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына аталған әрекеттерді жүзеге асыруға рұқсат беретін мемлекеттік қадағалау органдарының құжаттары жоқ бақылауға алынатын тауарларды әкелуге, аумақтарда пайдалану мен өткізуге тыйым салынады.

2.2. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтарына тиісті бақылауға алынатын тауарларды әкелуге рәсімдерді ресімдеудің міндетті шарты:

- сатушы немесе сатып алушы келісім-шартты жасау сатысында алуға тиіс мемлекеттік санитариялық эпидемиологиялық қадағалау органдары немесе қатысушы мемлекеттердің (әкелу мемлекеттерінің) мемлекеттік қадағалаудың өзге де уәкілетті органдары берген гигиеналық қауіпсіздік құжаттары (гигиеналық сертификат, қорытынды және басқалары);

- экспорттаушы елдің мемлекеттік ветеринариялық органы берген ветеринариялық сертификат;

- қатысушы мемлекеттің (әкелу мемлекеті) орталық мемлекеттік ветеринариялық қызмет басшысының немесе оның орынбасарының рұқсаты (мал шаруашылығы өнімі және мемлекеттік ветеринариялық қадағалау бақылауына алынатын басқа да жүктер);

- қатысушы мемлекеттің (әкелу мемлекеті) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекциясы берген тауарларды әкелуге карантиндік рұқсат;

- экспорттаушы елдің тиісті мемлекеттік қызметі берген фитосанитариялық сертификат болып табылады.

2.3. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына бақылауға алынатын тауарларды әкелу халықаралық шарттарға немесе Кеден одағына қатысушы мемлекеттер Үкіметтерінің тиісті бақылауға алынатын тауарларды өткізуге арналған шешімдеріне сәйкес белгіленген өткізу пункттері арқылы ғана жүзеге асырыла алады.

Әкелінетін тауарларға қатысты өткізу пункттерінде қатысушы мемлекеттердің ( әкелу мемлекеті) мемлекеттік қадағалау органдары санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық бақылауды жүзеге асырады.

2.4. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің (әкелу мемлекеті) мемлекеттік қадағалау органдарының бақылауы ұлттық заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

2.5. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына бақылауға алынатын тауарларды әкелу кезінде осы тауарларға қатысты өкілеттігі бар адамдар мемлекеттік қадағалаудың тиісті органына осы Ереженің 2.2-тармағында көзделген құжаттарды береді.

2.6. Бақылауға алынатын тауарларға қатысты өкілеттігі бар адамдар жоғарыда аталған құжаттарды көрсете отырып, мемлекеттік қадағалау органы өз құзыреті шегінде қоюы мүмкін осы тауарларға қатысты қосымша талаптарға бағынуға тиіс.

Мемлекеттік қадағалау органының кезекші қызметкерлері өз құзыреті шегінде әкелінетін бақылауға алынатын тауарларға қатысты ілеспе құжаттарға зерделеу жүргізеді.

Қажет жағдайда тексеру жүргізіледі және кеден органдарымен келісілген тәртіппен лабораториялық сараптама үшін сынамалар мен үлгілер іріктеліп алынады.

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумағына бақылауға алынатын тауарларды әкелу мүмкіндігі туралы шешім тауар-көліктік құжаттардың барлық даналарына тиісті мөртаңбалар, мемлекеттік қадағалау органдары жауапты лауазымды адамдарының қойылған қолдары мен белгі соғулары арқылы ресімделеді.

Мемлекеттік қадағалау органы ресімдеген құжаттар бақылаудың нәтижесі бойынша тиісті кеден органына беріледі.

2.7. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кеден аумағына бақылауға алынатын тауарларды әкелуге тыйым салу туралы шешім қабылданған жағдайда мемлекеттік

қадағалау органының лауазымды адамы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтарына тауарларды әкелуге тыйым салу туралы Мәлімдемені ресімдейді, ол бақылауға алынатын тауарға қатысты өкілеттіктері бар адамдардың назарына жеткізіледі, бұл орайда тауарлық-көліктік құжаттарға тыйым салу мөртаңбалары қойылып, белгі соғылады және қол қойылады. Сонымен бірге осы қабылданған шешіммен бірге өту пунктінде орналасқан кеден органына хабарланады.

2.8. Оларға қатысты өткізу пунктінде санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық бақылау аяқталмаған, өткізу пункттерінде жатқан тауарлардан кеден органдарына өзгеше негізгі кедендік ресімдеу ісіне жіберілетін тауарлар мемлекеттік қадағалау органдары өз құзыреттері шегінде оларды жеткізген жерінде жүргізетін мемлекеттік қадағалаудың аталған түрлеріне жатады.

Кеден органдары бақылауға алынатын тауарларды кедендік ресімдеуді мемлекеттік қадағалау органдарының рәсімдері аяқталғаннан кейін бітіреді. Мұндай бақылаудың өткенін растауды тиісті органдардың мөртаңбалары және тауарлық-көліктік құжаттарға қойылатын лауазымды адамдардың қойған қолдары атқарады.

2.9. Мемлекеттік қадағалау органдары әкелуге тыйым салған бақылауға алынатын тауарлар Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтарының шегінен тыс жерлерге дереу әкетілуге жатады. Әкелуге тыйым салған бақылауға алынатын тауарларды алып кетуді бақылауға алынатын тауарларды өткізетін адам, не кеден ережелерін сақтай отырып, тасымалдаушы өз есебінен жүргізеді.

Кеден одағына қатысушы<br>мемлекеттердің кеден аумақтарына<br>санитариялық, ветеринариялық және<br>фитосанитариялық бақылауға жататын<br>тауарларды әкелудің тәртібі туралы<br>Ережеге<br>N 4.1 қосымша

## Кеден одағы қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарында мемлекеттік санитариялық бақылауға жататын тауарлардың Бағдарламалық тізбесі

Сүт және сүт өнімдері, құс жұмыртқасы,<br>табиғи бал, жануар текті тамақ өнімдері

1. Сүт және қант немесе басқа да тәттілейтін заттарды қоспаған қойыртылған кілегей.

2. Сүт және қант немесе басқа да тәттілейтін заттарды қосқан қойыртылған кілегей.

3. Майсу, ұйытылған сүт және кілегей, йогурт, айран, өзге де ферменттелген немесе ашытылған сүт және қант немесе басқа да тәттілейтін заттарды қосқан немесе қоспаған,

жеміс, жаңғақ немесе какао қосқан немесе қоспаған қош иісті немесе қош иіссіз қойыртылған немесе қойыртылмаған кілегей.

4. Қант немесе басқа да тәттілейтін заттарды қосқан немесе қоспаған сүт сарысуы, қант немесе басқа да тәттілейтін заттарды қосқан немесе қоспаған, басқа жерлерде аталмаған сүттің табиғи компонентінің өнімдері.

5. Сары май және басқа да сүт майлары.

6. Сары ірімшік және ақ ірімшік.

7. Шаңғалақтағы, жас, сүрлемеленген немесе пісірілген құс жұмыртқасы.

8. Шаңғалақсыз құс жұмыртқалары мен жұмыртқа сарыуыздары.

9. Табиғи бал.

10. Балалар тағамының арнаулы өнімдері.

11. Басқа жерде аталмаған жануар текті тамақ өнімдері.

12. Желатин.

Ет және тамақтық ет өнімдері

1. Буып-түйілген ет.

2. Жас, мұздатылған немесе тоңазытылған сиыр еті, шошқа еті, қой еті немесе ешкі еті.

3. Блоктардағы мұздақ ет.

4. Жас, мұздатылған немесе тоңазытылған жылқы (ат), есек, қашыр еттері.

5. Жас, мұздатылған немесе тоңазытылған ірі қара мал шошқа, қой, ешкі, жылқы, қашырдың тамақтық ішек-қарыны мен өкпе-бауыры.

6. Жас, мұздатылған немесе тоңазытылған үй құстарының еті және тамақ өнімдері.

7. Шошқа майы, үй құстарының майлары (мұздатылған, мұздатылмаған, күйдірілген, күйдірілмеген, тұздықта тұздалған, кептірілген немесе қақталған).

(1998 жылғы 17 маусымдағы жағдай бойынша)
1. Австралия

2. Австрия
3. Әзірбайжан
4. Алжир
5. Антигуа және Барбуда
6. Аргентина
7. Багам аралдары
8. Бангладеш
9. Барбадос
10. Бахрейн
11. Беларусь
12. Белиз
13. Бельгия
14. Бенин
15. Болгария
16. Боливия
17. Босния мен Герцоговина
18. Ботсвана
19. Бразилия
20. Бруней-Даруссалам
21. Буркина-Фасо
22. Бурунди
23. Вануату
24. Венгрия
25. Венесуэла
26. Вьетнам
27. Габон
28. Гайана
29. Гамбия
30. Гана
31. Гватемала
32. Гвиана
33. Гвинея
34. Германия
35. Гондурас
36. Гренада
37. Греция
38. Грузия
39. Дания
40. Доминика

41. Доминикан Республикасы
42. Еуропалық одақ
43. Египет
44. Заир
45. Замбия
46. Зимбабве
47. Израиль
48. Үндістан
49. Индонезия
50. Иордания
51. Иран (Ислам Республикасы)
52. Ирландия
53. Исландия
54. Испания
55. Италия
56. Йемен
57. Камерун
58. Канада
59. Катар
60. Кения
61. Кипр
62. Кирибати
63. Қытай
64. Колумбия
65. Комор аралдары
66. Конго
67. Корей Халық Демократиялық Республикасы (КХДР)
68. Коста-Рика
69. Кот-д Ивуар
70. Куба
71. Кувейт
72. Латвия
73. Лесота
74. Либерия
75. Ливан
76. Ливия Араб Джамахириясы
77. Литва
78. Лихтенштейн
79. Люксембург

80. Маврикий
81. Мавритания
82. Мадагаскар
83. Малави
84. Малайзия
85. Мали
86. Мальдив аралдары
87. Мальта
88. Марокко
89. Маршаллово аралдары
90. Мексика
91. Мозамбик
92. Молдова
93. Монако
94. Монғолия
95. Мьянма
96. Намибия
97. Непал
98. Нигер
99. Нигерия
100. Нидерланды
101. Никарагуа
102. Жаңа Зеландия
103. Норвегия
104. Танзания Біріккен Республикасы
105. Біріккен Араб Эмираттары
106. Пакистан
107. Панама
108. Папуа-Жаңа Гвинея
109. Парагвай
110. Перу
111. Польша
112. Португалия
113. Корея Республикасы
114. Македония Республикасы
115. Ресей Федерациясы
116. Румыния
117. Сальвадор
118. Самоа

119. Сауд Аравиясы
120. Свазиленд
121. Сейшель аралдары
122. Сенегал
123. Сент-Винсент және Гренадин
124. Сент-Китс және Невис
125. Сент-Люсия
126. Сингапур
127. Сирия Араб Республикасы
128. Словакия
129. Словения
130. Ұлыбритания Құрама Корольдігі мен Солтүстік Ирландия
131. Америка Құрама Штаттары
132. Соломонов аралдары
133. Югославия Одақтық Республикасы
134. Судан
135. Суринам
136. Тәжікстан
137. Таиланд
138. Того
139. Тринидад және Тобаго
140. Тувалу
141. Тунис
142. Түрікменстан
143. Түркия
144. Уганда
145. Өзбекстан
146. Украина
147. Уругвай
148. Микронезия Федеративтік Штаттары
149. Фиджи
150. Филиппины
151. Финляндия
152. Франция
153. Хорватия
154. Орталық Африка Республикасы
155. Чад
156. Чех Республикасы
157. Чили

158. Швейцария
159. Швеция
160. Шри-Ланка
161. Эквадор
162. Экваториальды Гвинея
163. Эстония
164. Эфиопия
165. Оңтүстік Африка
166. Ямайка
167. Жапония

Озонды бұзатын заттар мен құрамында сондай заттар бар өнімдерді Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік аумағына тасып әкелу мен Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік аумағынан тасып әкету тәртібі туралы Ережеге N 5.3 Қосымшаға толықтыру

1998 жылғы 17 маусымдағы жағдай бойынша Монреаль хаттамасының 5-бабы 1-тармағы шеңберінде іс-әрекет жасаушылар ретінде уақытша топтастырылған Тараптардың (дамушы елдер)
Тізбесі

1. Белиз
2. Бурунди
3. Вануату
4. Гренада
5. Йемен
6. Кирибати
7. Комор аралдары
8. Корей Халық-Демократиялық Республикасы (КХДР)
9. Либерия
10. Мадагаскар
11. Мали
12. Маршалловы аралдары
13. Монғолия
14. Непал
15. Самоа
16. Сент-Винсент және Гренадин
17. Суринам
18. Тувалу

19. Микронезия Федеральді Штаттары
20. Микронезия Федеративті Штаттары
21. Чад

## Кеден одағы туралы келісімге қатысушы-мемлекеттерге тасып әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтік, санитарлық, ветеринарлық, фитосанитарлық және экологиялық стандарттарды, нормаларды, ережелер мен талаптарды қолданудың бірыңғай тәртібі туралы Хаттамаға

N 6 Қосымша

## Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды мемлекеттік реттеудің бірыңғай тәртібі туралы Ереже

## I. Жалпы ережелер

Осы Ереже Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік аумағына тасып әкелу мен Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік аумағынан тасып әкетуді мемлекеттік реттеудің бірінші кезектегі міндеттерін орындау және қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау мен оның жойылуына бақылау жасау туралы Базель конвенциясынан туындайтын міндеттемелерді жүзеге асыру және экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып, Кеден одағына қатысушы-мемлекеттерде қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету мақсатында жасалды.

1. Осы Ереже N 6.1 және N 6.2 Қосымшаларға сәйкес қауіпті қалдықтарды Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік аумағына тасып әкелу мен Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік аумағынан тасып әкетудің (трансшекаралық тасымалдар) тәртібін белгілейді.

2. Осы Ереженің күші экспортты, импортты, транзитті, қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын барлық ұйымдарға, сондай-ақ қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау мен оның жойылуына бақылау жасау туралы Базель конвенциясында (әрі қарай - Базель конвенциясы деп аталады) белгіленген өлшемдерге және Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңдарына сәйкес қауіпті деп танылған қоршаған табиғи орта мен адамдардың денсаулығы үшін қауіп төндіретін қалдықтармен (тұрмыстық қалдықтар мен олардың өртелгеннен кейінгі қалдықтарын қоса) айналысуға қолданылады.

Радиоактивті қалдықтармен айналысу мәселелері бұл Ереженің қолданылу аясынан алып тасталады.

3. Осы Ережедегі ұғымдар мынаны білдіреді:

"қалдықтар" - өндіріс пен тұтыну қалдықтары. Бұл ретте өндіріс қалдықтары деп өнім өндіру, жұмыстарды (қызметтерді) атқару процесінде пайда болған және аталған кәсіпорында (ұйымда) қолданылуы табылмаған не өзінің белгіленген мақсатына сай қолданылуы үшін толық жарамсыз болған материалдар, заттар, бұйымдар ұғынылса, тұтыну қалдықтары деп қоғамдық немесе жеке тұтыну процесінде өзінің тұтынылу қасиетін толық немесе ішінара жоғалтқан материалдар, заттар, бұйымдар ұғынылады;

"қалдықтармен айналысу" - қалдықтардың пайда болуымен, жиналуымен, сақталуымен, пайдаланылуымен, залалсыздандырылуымен, тасымалдануымен және көмілуімен байланысты барлық қызмет түрлері;

"қалдықтарды пайдалану" - қалдықтарды өнім өндіру жұмыстар (қызметтер) атқару немесе энергия алу үшін қолдану;

"қалдықтарды көму" - қалдықтардың одан әрі пайдаланылу мүмкіндігін жоққа шығару, сондай-ақ зиянды заттардың қоршаған ортаға қосылып кетуін болдырмау мақсатында қалдықтарды оқшауландыру;

"қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау" - қалдықтардың бір мемлекеттің юрисдикциясында болатын аумақтан басқа мемлекеттің юрисдикциясында болатын аумаққа (аумақ арқылы) кез келген орын ауыстыруы (көлікпен тасымалдануы);

"қатысушы-мемлекеттің қадағалау мен бақылау жасау үшін жауапты уәкілетті мемлекеттік органы" - Беларусь Республикасы: Табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғау министрлігі және Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлік жанындағы Өнеркәсіп пен атом энергетикасындағы жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қадағалау жөніндегі комитеті;

Қазақстан Республикасы: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі;

Ресей Федерациясы: Ресей Федерациясының Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті;

"қатысушы-мемлекеттің лицензия және/немесе рұқсат беруге жауапты уәкілетті мемлекеттік органы" - Беларусь Республикасы: Беларусь Республикасының Сыртқы істер министрлігі және Беларусь Республикасының Табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасы: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі;

Қырғыз Республикасы:

Қырғыз Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;

Ресей Федерациясы: Ресей Федерациясының Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті.

"бөліп көрсетілетін орталық" - қатысушы-мемлекеттің қадағалау мен бақылау жасау үшін жауапты құзырлы мемлекеттік органына бағыныстағы, қалдықтардың трансшекаралық тасымалы туралы ақпаратты алу мен беру үшін, сондай-ақ қалдықтар туралы мәліметтер банкін жүргізу үшін жауап беретін ұйым;

"экспорттайтын мемлекет" - аумағынан қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау жүзеге асырылатын мемлекет;

"импорттайтын мемлекет" - қалдықтарды пайдалану мақсатымен аумағына трансшекаралық тасымалдау жүзеге асырылатын мемлекет;

"транзиттейтін мемлекет" - аумағы арқылы қалдықтардың транзиттік тасымалы жүзеге асырылатын мемлекет;

"экспорт" - Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің кедендік аумағынан қалдықтарды тасып шығарудың, транзитті қоспағандағы, кез келген түрі;

"импорт" - Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің кедендік аумағына қалдықтарды тасып әкелудің, транзитті қоспағандағы, кез келген түрі;

"транзит" - Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің аумағы арқылы мемлекеттік шекараны қиып өте отырып, қалдықтардың оларда сақталмай үздіксіз тасымалдануы ( бұған көлікпен тасымалдауға байланысты уақытша сақтайтын жағдайлар қосылмайды);

"ұйым" - қалдықтармен айналысу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлға;

"экспортшы" - экспорттайтын мемлекеттің юрисдикциясында болатын және қалдықтардың экспортын жүзеге асыратын ұйым;

"импортшы" - импорттайтын мемлекеттің юрисдикциясында болатын және қалдықтардың импортын жүзеге асыратын ұйым;

"тасымалдаушы" - қауіпті қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға;

"өндіруші" - қызметі қалдықтардың пайда болуын тудыратын ұйым немесе осы қалдықтарға иелік ететін ұйым;

"мүдделі мемлекет" - экспорттайтын, импорттайтын немесе транзиттейтін мемлекет .

II. Жалпы талаптар

4. Осы Ережеге N 6.1 Қосымшада көрсетілген қалдықтардың импортталуы мен транзиттелуіне тыйым салынады.

5. Осы Ережеге N 6.1 және N 6.2 Қосымшаларда көрсетілген қалдықтардың экспортына және Осы Ережеге N 6.2 Қосымшада көрсетілген қалдықтардың импортына Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес қатысушы-мемлекеттің лицензия және/немесе рұқсат беруге жауапты уәкілетті мемлекеттік органының лицензиясы және/немесе рұқсаты болмаса, тыйым салынады.

6. Осы Ережеге N 6.2 Қосымшада көрсетілген қалдықтардың транзиттелуіне қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органы берген рұқсат болмаса, тыйым салынады.

7. Осы Ереженің 4, 5 және 6-тармақтары бұзыла отырып жүзеге асырылатын экспортталатын, импортталатын не транзиттелетін қалдықтар тиісінше Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің кедендік аумағына қайтарылуға не шұғыл түрде Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің кедендік аумағынан тыс тасып әкетілуге жатады.

8. Қалдықтарды қатысушы-мемлекеттердің кедендік шекарасын бірнеше мәрте қиып өтуді талап ететіндей партиялап трансшекаралық тасымалдау жүзеге асырылған жағдайда қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға не лицензия және/немесе рұқсат беруге жауапты уәкілетті мемлекеттік органы лицензия және/немесе рұқсат берудің ұлттық заңдарда белгіленген тәртібіне сәйкес және егер мүдделі мемлекеттердің жазбаша келісімі болып, мына шарттар орындалатын болса, белгіленген мерзімге тиісті рұқсат береді:

- қалдықтардың физикалық және химиялық қасиеттері бірдей болып, қалдықтарды пайдаланғаны немесе көмгені үшін жауап беретін тап сол бір ғана ұйымнан, жасалған тап сол бір ғана келісім-шарт бойынша жүйелі жіберіліп отыратын болса;

- қалдықтарды кедендік ресімдеу Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің Бас кеден органы айқындаған бір ғана кеденнен жүзеге асырылса және қалдықтардың орын ауыстыруының қатысушы-мемлекеттің мемлекеттік шекарасындағы тап сол бір ғана кеден пункті арқылы өткізілуі жүзеге асырылатын болса;

- қалдықтарды мүдделі мемлекеттің аумағы арқылы транзиттеу жағдайындағы кедендік ресімдеу транзиттейтін мемлекеттің (мемлекеттердің) мемлекеттік шекарасындағы тап сол бір ғана кеден пунктінде кірген кезінде және шыққан кезінде жүзеге асырылатын болса;

- мүдделі мемлекеттер қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органына өзінің аумағына (аумағы арқылы) қалдықтарды көп мәрте әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат тапсыратын болса.

9. Егер осы Ережеге сәйкес мүдделі мемлекеттер рұқсат берген қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау импорттаушы мемлекеттің аумағында қалдықтарды пайдалану мен тасымалдау жөніндегі келісім-шарт ережелері сақтала отырып аяқталмайтын болса, экспорттаушы импорттаушы мемлекеттің уәкілетті органы бұл туралы экспорттаушы мемлекеттің уәкілетті органын немесе өндірушіні ( экспорттаушыны) және Базель конвенциясының хатшылығын хабардар еткен сәттен бастап 90 күннен кешіктірмей не мүдделі тараптар келіскен кез келген басқа мерзімде қалдықтарды кері алып кетуге міндетті.

10. Экспорттаушы қалдықтарды трансшекаралық тасымалдаудың басталған күні туралы қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органын хабардар етуге міндетті.

11. Қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды жүзеге асыру туралы хабарлама мен осындай тасымалға рұқсат беру үшін қажетті ақпарат қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органына

қатысушы-мемлекеттің тілінде және келісім-шарт түпнұсқасының тілінде тапсырылады .

12. Осы Ереже бұзылған, қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға арналған рұқсатта белгіленген талаптар орындалмаған, Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің экологиялық мүддесіне залал келтіруге соқтырған мән-жайлар туындаған немесе Кеден одағына қатысушы-мемлекеттер Базель конвенциясы бойынша міндеттемелерді сақтамаған жағдайда қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органының аталған рұқсаттың күшін тоқтата тұруға құқығы болады.

Қатысушы-мемлекеттің лицензия және/немесе рұқсат беруге жауапты уәкілетті мемлекеттік органы қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органының шешімі негізінде қалдықтардың экспортына ( импортына) бұрын берілген лицензиялардың және/немесе рұқсаттардың қолданылуын тоқтата тұруға және күшін жоюға және өзінің іс-әрекеті туралы Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің Бас кеден органы мен қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органын хабардар етуге міндетті.

Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің Бас кеден органы қатысушы-мемлекеттің кедендік шекарасы арқылы қалдықтардың орын ауыстыруын белгіленген тәртіппен тоқтата тұру немесе тыйым салу жөнінде қажетті шаралар қабылдауға және өзінің іс-әрекеті туралы қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органын хабардар етуге міндетті.

Қауіпті қалдықтардың трансшекаралық тасымалына мемлекеттік бақылау жасау мен қадағалауды ұлттық заңдарға сәйкес Тараптардың уәкілетті мемлекеттік органдары жүзеге асырады.

## III. Қалдықтардың экспортына қойылатын талаптар

13. Қалдықтарды:

- оңтүстік ендіктің 60 градусынан оңтүстікке қарай кез келген нүктеге;
- мұндай қалдықтарды импорттауға тыйым салған және бұл туралы қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасайтын уәкілетті мемлекеттік органын немесе Базель конвенциясының хатшылығын хабардар еткен мемлекетке;
- қалдықтарды пайдалану немесе көмудің экологиялық қауіпсіз жолдармен жүзеге асырылатындығын растай алмайтын мемлекетке;
- мемлекет қалдықтардың трансшекаралық тасымалы жөніндегі қандай да бір қостарапты, көптарапты немесе аймақтық келісімдердің немесе шарттардың тарабы болып табылатын жағдайды қоспағанда, Базель конвенциясының тарабы болып табылмайтын мемлекетке экспорттауға тыйым салынады.

14. Егер:

- қатысушы-мемлекеттің лицензия және/немесе рұқсат беруге жауапты уәкілетті мемлекеттік органының қалдықтарды экспорттауға арналған лицензиясы және/немесе рұқсаты, қатысушы-мемлекеттің лицензия және/немесе рұқсат беруге жауапты уәкілетті мемлекеттік органы берген қауіпті қалдықтарды трансшекаралық (транзиттік) тасымалдауға арналған рұқсаты және қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға бақылау жасау мен қадағалау тәртібіне сәйкес қалдықтар экспортына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруы үшін қажетті өзге де құжаттары болса;

- экспортшы мен қалдықтарды пайдалану немесе көму үшін жауапты импорттаушы мемлекеттің ұйымының тиісті қалдықтармен экологиялық қауіпсіз айналысу жолдары көрсетілген келісім-шарты болса;

- қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген нысандағы қалдықтарды тасымалдау туралы құжат бар болса;

- Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің ұйымдары қалдықтарды пайдалануды немесе көмуді экологиялық қауіпсіз және тиімді жолдармен жүзеге асыру үшін техникалық мүмкіндіктер мен қажетті объектілерге немесе қуаттарға ие бола алмай отырса;

- қалдықтар импорттаушы мемлекетте шикізат ретінде пайдаланылу үшін талап етіліп отырса;

- экспорт Кеден одағына қатысушы-мемлекеттермен қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау туралы жасалған мемлекетаралық қостарапты, көптарапты немесе аймақтық келісімдерге немесе шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын болса;

- трансшекаралық тасымалдау сақтық және басқа да қаржылық кепілдіктермен, сондай-ақ өндірушінің (қалдықтарды пайдалану немесе көму үшін жауап беретін экспортшының, делдалдың, импортшының, тасымалшының немесе импорттаушы мемлекет ұйымының) келісім-шартқа сәйкес қалдықтарды жеткізуді, пайдалануды немесе көмуді жүзеге асыруы мүмкін болмаған немесе басқа да ойда жоқ оқиғалар мен апаттар жағдайында қалдықтарға қатысты баламалы шаралар жүргізуді талап ететін өзге де міндеттемелерімен қамтамасыз етілсе, экспортшы осы Ереженің N 6.1 және N 6.2 Қосымшаларында көрсетілген қалдықтарды әкетуді жүзеге асырады.

15. Қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органы жоспарланып отырған трансшекаралық тасымал туралы мүдделі мемлекеттерге олар үшін түсінікті тілде белгіленген мерзімде жазбаша нысанда хабарлама жібереді. Хабарламадағы ақпарат Базель конвенциясының ережелеріне сәйкес келуге тиіс.

## IY. Қалдықтардың импортына қойылатын талаптар

16. Қалдықтарды көму немесе жағу мақсатымен импорттауға Кеден одағына қатысушы-мемлекеттер аумағында тыйым салынады.

17. Егер:

- қатысушы-мемлекеттің лицензия беруге жауапты уәкілетті мемлекеттік органының қалдықтарды импорттауға арналған лицензиясы, қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органы берген қауіпті қалдықтарды трансшекаралық (транзиттік) тасымалдауға арналған рұқсаты және қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға бақылау жасау мен қадағалау тәртібіне сәйкес қалдықтар импортына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құжаттар бар болса;
- қалдықтар Кеден одағына қатысушы-мемлекетте шикізат ретінде пайдаланылу үшін талап етіліп отырса;
- экспортшы мен қалдықтарды пайдалану үшін жауапты Кеден одағына қатысушы-мемлекет ұйымының келісім-шарты болып, онда тиісті қалдықтармен экологиялық қауіпсіз айналысу жолдары және оларды пайдалануды аяқтаудың мерзімі көрсетілген болса;
- экспортшы мемлекет Базель конвенциясының тарабы немесе Кеден одағына қатысушы-мемлекеттермен қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау туралы жасалған мемлекетаралық қостарапты, көптарапты немесе аймақтық келісімдердің немесе шарттардың қатысушысы болса;
- трансшекаралық тасымалдау сақтық және басқа да қаржылық кепілдіктермен, сондай-ақ өндірушінің (қалдықтарды пайдалану немесе көму үшін жауап беретін экспортшының, делдалдың, импортшының, тасымалшының немесе Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің ұйымының) келісім-шартқа сәйкес қалдықтарды жеткізуді, пайдалануды жүзеге асыруы мүмкін болмаған немесе басқа да ойда жоқ оқиғалар мен апаттар жағдайында қалдықтарға қатысты баламалы шаралар жүргізуді қамтамасыз ететін өзге де міндеттемелерімен қамтамасыз етілсе, импортшы осы Ереженің N 6.2 Қосымшасында көрсетілген қалдықтарды әкелуді жүзеге асырады.

Аталған кепілдіктер сақтық полисі, банк қолхаты, міндеттемелер немесе залал үшін өтемақының өзге де уәдесі нысанында болуы мүмкін.

18. Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің қалдықтарды пайдалану үшін жауап беретін ұйымы тиісті қалдықтарды алғандығы туралы және оларды пайдаланудың аяқталғаны туралы экспортшыны, экспорттаушы мемлекеттің уәкілетті органы мен қатысушы-мемлекеттің қадағалау жасау мен бақылауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органын хабардар етеді.

## Y. Қалдықтардың транзитіне қойылатын талаптар

19. Осы Ережеге N 6.1 Қосымшада көрсетілген қалдықтардың Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің аумақтары арқылы транзитіне тыйым салынады.

20. Осы Ережеге N 6.2 Қосымшада көрсетілген қалдықтардың транзиті қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органы берген қауіпті қалдықтарды трансшекаралық (транзиттік) тасымалдауға арналған рұқсаты және қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға бақылау жасау мен қадағалау тәртібіне сәйкес қалдықтар транзитіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құжаттар бар болғанда жүзеге асырылады.

21. Қалдықтардың транзитіне рұқсатты қатысушы-мемлекеттің қадағалау және бақылау жасауға жауапты уәкілетті мемлекеттік органы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық (транзиттік) тасымалдауға рұқсат беру тәртібіне сәйкес береді.

22. Қалдықтарды транзиттеуге сақтық және басқа да қаржылық кепілдіктер, сондай-ақ өндірушінің (қалдықтарды пайдалану немесе көму үшін жауап беретін экспортшының, делдалдың, импортшының, тасымалшының немесе импорттаушы мемлекет ұйымының) келісім-шартқа сәйкес қалдықтарды жеткізуді, пайдалануды немесе көмуді жүзеге асыруы мүмкін болмаған немесе басқа да ойда жоқ оқиғалар мен апаттар жағдайында қалдықтарға қатысты баламалы шаралар жүргізуді қамтамасыз ететін өзге де міндеттемелері болған кезде рұқсат етіледі.

Аталған кепілдіктер сақтық полисі, банк қолхаты, міндеттемелер немесе залал үшін өтемақының өзге де уәдесі нысанында болуы мүмкін.

## YI. Қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау кезіндегі жауапкершілік

23. Осы Ережеде белгіленген тәртіпті бұзған және сол арқылы қалдықтардың заңсыз трансшекаралық тасымалына жол берген ұйым Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің, экспортшының немесе импортшының заңдарына және басқа да мүдделі мемлекеттердің заңдарына сәйкес жауапты болады.

24. Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің аумағына (аумағы арқылы) экспортшының немесе өндірушінің іс-әрекеті нәтижесінде қалдықтар заңсыз трансшекаралық тасымалданған жағдайда, экспортшы немесе өндіруші қалдықтарды экспорттаушы мемлекетке өз есебінен қайтаруды қамтамасыз етеді не оларды экспорттаушы мемлекетке қайтаруды бұл мүдделі мемлекеттің уәкілетті үкіметтік органы экспортшының немесе өндірушінің есебінен жүзеге асырады.

25. Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің аумағына (аумағы арқылы) импортшының немесе қалдықтарды пайдалану үшін жауап беретін қатысушы-мемлекеттің ұйымының іс-әрекеті нәтижесінде қалдықтар заңсыз трансшекаралық тасымалданған жағдайда, импортшы немесе қатысушы-мемлекеттің ұйымы қалдықтарды экспорттаушы мемлекетке қайтаруды не олардың экологиялық қауіпсіз пайдаланылуын өз есебінен қамтамасыз етеді және қатысушы-мемлекеттің

қадағалау жасау мен бақылау үшін жауапты уәкілетті мемлекеттік органы айқындайтын тиісті соманы қатысушы-мемлекеттің заңдарында белгіленген тәртіппен импортталған қалдықтарды пайдалану кезінде қоршаған ортаға келтірілген залалдың өтемақысы мақсатында төлейді.

26. Экспортшының немесе Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің өндірушісінің іс-әрекеті нәтижесінде қалдықтар экспортшының немесе импортшының заңдарына сәйкес басқа мемлекеттің аумағына (аумағы арқылы) заңсыз трансшекаралық тасымалданған жағдайда, экспортшы немесе өндіруші қалдықтарды Кеден одағына қатысушы-мемлекеттің аумағына өз есебінен қайтаруды қамтамасыз етеді не оларды қайтару Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық
тасымалдауды мемлекеттік реттеудің
бірыңғай тәртібі туралы Ережеге
N 6.1 Қосымша

Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің аумағына (аумағы арқылы)
импортталуына (транзиттелуіне) тыйым салынатын, ал экспортталуы
мемлекеттік реттеуге* жататын қауіпті қалдықтардың
Тізбесі

---

ВЭД ТН Қалдық Қалдық
бойынша түрінің түрінің
қалдық Базель Экономи.
түрінің конвенция калық
коды Қалдық түрінің атауы сының ынтымақтастық
жіктеуі пен даму

бойынша ұйымының
коды жіктеуі
бойынша коды

---

_

701990-нан Физикалық-химиялық сипаттамасы RB 020**
бойынша асбестке ұқсас әйнекталшықтың
қалдықтары
252400-ден Асбест қалдықтары мен шаң Y 36 RB 010
Құрамында түсті металдар бар
басқа да шаң: Y 17
810490000-ден магний шаңы
810890000-ден титан шаңы

811240900-ден ванадий шаңы
8539-дан Өңделген сынап лампалары мен
люминесцентті трубкалар Y 29
Металл ұнтақтары:
262090-нан екі тотықты марганец электролиті
өндірісінің марганец ұнтақтары
262090-нан күкірт қышқылы өндірісінің Y 25
селен-сынап ұнтақтары
құрамында торий бар ұнтақтар:
271390-нан Кокс-химия өндірісінің бензолды ректификациялау
цехының сульфат бөлімінің қышқыл смоласы
2902-ден Қышқыл смоланы өңдеуден түсетін қалдықтар: Y11 RA 020
2912-ден
Кокс және газ зауыттарының ұнтақтары:
270600000-нан Құрамында фенол бар смола тектес фустар
(сланецті ұқсатқаннан кейінгі қалдықтар)
381111100-ден Құрамында тетраэтилқорғасын бар ұнтақтар
(антидетонациялық құрым-күйелер) Y31 RS 030
285000-нан Арсин мен фосфин қоспалары бар сорбенттер Y24
293219000-нан Полихлорлы дибензофуран мен басқа да соған
төркіндес қосылыстар Y43 RC 010
293490-нан Полихлорлы дибензодиоксин (диоксин) және
басқа да соған төркіндес қосылыстар Y44 RC 020
2903-тен Бромды сутегі қышқылы өндірісіндегі
фторлы органикалық қосылыстардың қалдықтары Y45
290369-дан Полихлорилді бифенилдер, терфенилдер, поли-
340490-нан бромды бифенилдер, солармен ластанған сұйықтар
немесе еріткіштер, сондай-ақ құрамында осылар
бар заттар мен бұйымдар (50 мг/кг және одан
көп концентрацияда) Y 10 RC 010
2903-тен Хлорорганикалық қышқылдар өндірісінің Y 45
қалдықтары
2903-тен Броморганикалық синтез осмолдары Y45
2912-ден Фтал ангидриді өндірісінің осмолдары Y12
901831-ден Емдеу мекемелеріндегі (ауруханалардағы,
901832-ден емханалардағы және басқа осындай мекемелердегі)
7017-ден емделушілерге дәрігерлік күтім жасау нәтижесінде
560110-нан алынатын медициналық қалдықтар Y1
2930-дан Фармацевтика өнімдері өндірісінің қалдықтары Y2

2936-дан Пайдаланылмаған, мерзімі өткен дәрі-дәрмектер
2937-ден мен препараттар
2941-ден
қалайының
қорғасынның Y31
ванадийдің
мыстың Y22
басқа да ауыр металдардың
291539-дан Ацетонфенон қоспасы бар хлорлы алюминий
қалдықтары Y15
281420000-нан Мысты өңдеуге арналған аммиак
ерітінділері (пайдаланылған) Y22
280610000-нан Аталған өндіріс үшін ерекшелікті қышқылдар
мен қоспасы бар қышқыл қосындылары,
прокат және метиз цехтарында өңдеуге
пайдаланылған ерітінділер Y34
281520-дан Аталған өндіріс үшін ерекшелігі еритін
негіздер мен еритін негіз қоспасы бар
қосындылар (өңдеуге, майын кетіруге және
басқаларға) Y35
3808-ден Өсімдіктерді өңдеу мен оларды зиянкестерден
қорғау құралдары (пайдаланудан шығып қалған)Y45
3808-ден Өсімдіктерді өңдеу мен оларды зиянкестерден
қорғау өндірісінің қалдықтары Y45
271390-нан Қышқыл смола, қышқыл қарамай Y11 RA020
271390-нан Смоланған сульфид қосылыстарының құрамында
күкірт қышқылы бар майларын тазартудан
түсетін қышқыл гудрон Y11
2713 90-нан Сульфонатты құрым-күйе өндірісінің құрамында
күкірт қышқылы бар майларын (сульфидтелген
ақ майлар) қышқыл гудроны, ауыр органикалық
сульфонаттар Y11
271390-нан Құрамында күкірт қышқылы бар иісті көмір
сутегін тазартудан түсетін қышқыл гудрон,
иісті қосылыстар, сульфоқышқылдар Y11
271390-нан Құрамында күкірт қышқылы бар парафинді
тазартудан түсетін қышқыл гудрон,
органикалық қосылыстар Y11
284430550-ден химия-металлургия өндірісіндегі

торий қалдықтары
262090-нан торийленген вольфрамнан жасалған
бұйымдар өндірісінің құрамында торий
бар ұнтақтары
Осы өндіріс үшін ерекшелікті зиянды
қоспалары бар қатты минералдық қалдықтар:
280480000-нан мыстың күшәлалы өндірісіндегі кек Y24
280480000-нан қалайы өндірісіндегі күшәлалы-калийлі кек Y24
280480000-нан қорғасын өндірісіндегі арсенат-кальций
қалдықтары Y24
262090100-ден құрамында никелі бар гальвандық ұнтақ
Гальвандық ұнтақтар:
2837-ден құрамында цианы барлар Y 33
2819-дан құрамында хромы барлар
(алты валентті хром қосылыстары) Y 21
26203000-нан құрамында мысы барлар
(алты валентті хром қосылыстары) Y22
262019000-нан құрамында мырышы барлар Y23
262090990-нан құрамында кобальті барлар
262090990-нан құрамында кадмийі барлар Y26
262090100-ден Ұнтақтар: қорғасын гидрооксидінің,
никельдің Y31
26202000-нан кадмийдің Y26
262090990-нан
2620-дан Құрамында мыналардың қосылыстары бар
қалдықтар:
кадмийдің Y26
никельдің
хромның Y21
3001-3006-дан
2939-дан Фитофармацевтік препараттарды өндіру мен
пайдалану қалдықтары Y4
270600000-нан Ағаш консерванттарын өндіру мен пайдалану
қалдықтары Y5
2902-ден Органикалық еріткіштерді өндіру мен пайдалану
2903-тен қалдықтары Y6
2905-2909-дан
2710-нан Пайдаланылған минералдық майлар Y8
Ғылыми-зерттеу жұмыстары немесе оқу

процесі барысында алынған, табиғатты әлі
анықталып болмаған және/немесе жаңа болып
табылатын, адамға және/немесе қоршаған ортаға әсері
әлі белгісіз болып отырған қажетсіз химиялық заттар Y14

---

. Тауардың қалдықтар тізбесіне жатқызылуы оның ВЭД ТН бойынша кодымен де, сондай-ақ атауымен де (физикалық және химиялық сипаттамаларымен) анықталады.

** Осы жерде және әрі қарай Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының коды соңына нөмір қойылатын екі әріптен тұрады. Бірінші әріп: G(Green) - жасыл, Y ( Yellow) - сары, R (Red)- қызыл дегенді білдіреді; екіншісі - қалдықтардың санаты.

Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық
тасымалдауды мемлекеттік реттеудің
бірыңғай тәртібі туралы Ережеге
N 6.2 Қосымша

Трансшекаралық тасымалдануы мемлекеттік
реттеуге* жатқызылған қауіпті қалдықтардың
Тізбесі

---

ВЭД ТН Қалдық Қалдық
бойынша түрінің түрінің
қалдық Базель Экономи.
түрінің конвенция калық
коды Қалдық түрінің атауы сының ынтымақтастық
жіктеуі пен даму
бойынша ұйымының
коды жіктеуі
бойынша коды

---

_

050100000-нан Адам шашының қалдықтары GO 010**
0502-ден Қылдың қалдықтары GN 010
050300000-нан Жылқының жал-құйрығының қалдықтары GN 020
050590000-нан Құс қанатының қалдықтары GN 030
050690000-нан Жануарлардың сүйегі мен мүйізінің GM 100
қалдықтары
051191-ден Балық пен басқа да теңіз өнімдерін ұқсатудың
қалдықтары GM 110
152200 Дегра; өсімдік немесе жануар тектілердің

майлы заттары немесе балауыздарының
өңдегеннен кейінгі қалдықтары GM 090
215400000-нан Сланецтің дөрекі тазартылған немесе жай ғана
арамен кесіп алынған немесе өзге қалдықтары GD 020
252530000 Слюданың қалдықтары GD 030
252930000-нан Лейциттің, нефелиннің немесе нефелин сиенитінің
қалдықтары GD 040
252910000-нан Далалық шпаттың қалдықтары GD 050
261800000 Шойын мен болат өндірісі кезінде пайда
болатын түйіршікті шлак GC 060
261900-ден Вагранка шлактары YA 010
261900-ден Электр пешінің шлактары GC 070
261900-ден Домна шлактары
261900-ден Конвертор шлактары
261900-ден Басқа да болат құю шлактары
261900-ден Болат құю өндірісінің суыған қабаты
261900-ден Болат құю ұнтақтары
261900-ден Прокатканың ұнтақтары
261900-ден Құю ұнтақтары
262011000 Гартмырыш (мырыштемір балқымасы) Y23 GB 010
262019000-нан Мырышты шлактар Y23 GB 025
262019000-нан Мырышты ұнтақтар Y23
262020000-нан Қорғасын қабыршағы Y31 YA 030
262020000-нан Қорғасынның ысы Y31
262020000-нан Қорғасынның ұнтағы Y31
262090-нан Өзге де металл ұнтақтары YA 040
262040000-нан Құрамында алюминий бар жеңіл металл
қабыршықтары YA 050
262040000-нан Құрамында алюминий бар тұзды шлактар
262050000-нан Қазандықты тазартқаннан қалған қалдықтар YA 060
262090-нан Құрамында магний бар жеңіл
металл қабыршақтары YA 070
262090-нан Құрамында магний бар тұзды шлактар
262090-нан Магний оксидінің ұнтағы
2837-ден Құрамында циан бар нықталған (шегелеп бекітілген)
ваннаның ұнтағы Y7
280540900-ден Құрамында сынап бар қалдықтар: Y29
графиттегі сынап активтенген
көмірдегі сынап

262100000-нан Көмірдің күлі GG 030
262100000-нан Қазандықтың шлактары GG 030
262100000-нан Дәстүрлі отынмен (реактивті гипссіз)
жанатын оттықты агрегаттардың түтін
ұстайтын қондырғыларынан шығатын құрамында
тұз бар қатты қалдықтар Y18
262100000-нан Ұшатын күлдер мен оттықты қондырғылардың Y18 GG040
шаңы
26210000-нан Электролиз балқымасының шлактары YB 010
262100000-нан Қалдықтарды жағу қондырғыларының
шлактары мен күлдері
262100000-нан Қалдықтарды жағу қондырғыларының
ұшатын күлдері мен шаңы
262100000-нан Пиролиз қондырғыларының шлактары
мен күлдері Y11
262100000-нан Мыс өндірісінің химиялық тұрақтанған,
құрамында өте көп темір бар (20% астам)
және өнеркәсіптік стандартқа сәйкес
өңделген шлагы GG 080
26210000-нан Глинозем өндірісінің бейтараптанған
қызыл сазы GG 110
271390-нан Кокс-химия және газ зауыттарының
ұнтақтары YC 010
280300-ден Активтенген (өңделген) көмір GG 060
280450-ден Құрамында теллур бар қалдықтар Y28 GA 410
280480000-нан Құрамында күшәла бар қалдықтар Y24 YA 090
280490000-нан Құрамында селен бар қалдықтар Y25 GA 400
281122000-нан Кремнеземнің құю өндірісінде
пайдаланылатыннан басқа, қатты түрдегі
қалдықтары GD 070
284430-дан Торийдің қалдықтары мен сынығы GA 390
310320000 Шойын мен болат өндірісі кезінде пайда
болатын, фосфаттық тыңайытқыштар мен
басқа да пайдалану үшін жарамды негізгі
шлак GG 070
391220-дан Целлюлозаны (нитроцеллюлозаны)
қайта өңдеуден түсетін қалдықтар YC 100
3915 Қалдықтар, үзіктер мен сынықтар:
пластмассаның GH 010

391510000-нан полиэтиленнің GH 011
391520000-нан полистиролдың, полистироль көбігінің GH 012
391530000-нан поливинилхлорид пен оның негізіндегі пенопластың GH 013
391590-нан целлюлоидтың, фото және кинопленканың GH 014
391590-нан полиэтилентерефталатты пленканың
391590-нан полиуретанның, полиамидтердің
391590-нан полиуретанды көбігінің поликорбонаттың, полиакрилаттың, органикалық әйнектің
391590-нан поливинилацетаттың
391590-нан поливинил спирттің
391590-нан полиолефиннің
391590-нан полипропиленнің
391590-нан құрамында фтор бар пластамассаның Y45
391590-нан акрилонитрил сополимерлерінің
391590-нан бутадиен сополимерлерінің
391590-нан стирол сополимерлерінің
391590-нан полибутилентерефталаттардың
391590-нан полиэтиленсульфидтердің
391590-нан полисилоксаланың (силикондар)
391590-нан полиметилметакрилаттың
391590-нан поливинилбутиролдың
391590-нан фенолформальдегидті және меламинформальдегидті смоланың Y 13 GH 015
391590-нан эпоксидті смоланың
391590-нан карбамидформальдегидті смоланың
391590-нан алкидті смоланың
400400000 Резеңкенің қалдықтары мен кесінділері GK 010
400400000 Өзге де өңделген резеңке-техникалық бұйымдар GK 010
401220 Ескі шиналар, GK 020
401390900 тозған камералар, покрышкалар
401700 Қатты резеңкенің қалдықтары мен сынығы GK 030
411000000-нан Былғары кәсіпорындарының ағын суларын тазартудан қалатын ұнтақ YC 180
411000000-нан Шикізаттық, бос шел
411000000-нан Арамен кескендегі кесінділер
411000000-нан Хромдалған және иленген шала бұйымдардың шет-шетінің кесінділері, хром жоңқасы
5505 Жасанды талшықтардың қалдықтары: GJ 110

550510100 полиамидтің GJ 110
550510300 полиэфирдің
550510500 полиакрилдің
550520000-нан целлюлозаның GJ 112
700100-ден Лампа, кинескоп және басқа құрамында
ерекшелікті қоспасы бар бұйымдар
өндірісіндегі әйнектің қалдықтары YB 040
780200000-нан Құрамында қорғасын бар қалдықтар Y31 GA 150
790200000-нан Құрамында мырыш бар қалдықтар Y23 GA 160
800200000-нан Құрамында қалайы бар қалдықтар GA 170
810191900-ден Құрамында вольфрам бар қалдықтар GA 180
810291900-ден Құрамында молибден бар қалдықтар GA 190
810310900-ден Құрамында тантал бар қалдықтар GA 200
810420000-нан Құрамында магний бар қалдықтар GA 210
810510900-ден Құрамында кобальт бар қалдықтар GA 220
810600100-ден Құрамында висмут бар қалдықтар GA 230
810710900-ден Құрамында кадмий бар қалдықтар Y26 GA 240
810810900-ден Құрамында титан бар қалдықтар GA 250
810910900-ден Құрамында цирконий бар қалдықтар GA 260
811000190-нан Сүрме қалдықтары Y 27 GA 270
811100190-нан Құрамында марганец бар қалдықтар GA 280
811211900-ден Берилийдің қалдықтары мен сынығы Y 20 GA 290
811220390-нан Құрамында хром бар қалдықтар Y 20 GA 300
811230400-ден Германийдің қалдықтары мен сынығы GA 310
811240190-нан Ванадийдің қалдықтары мен сынығы GA 320
811291100-ден Гафнийдің қалдықтары мен сынығы GA 330
811291500-ден Индийдің қалдықтары мен сынығы GA 340
811299300-ден Ниобийдің қалдықтары мен сынығы GA 350
811291900-ден Таллийдің қалдықтары мен сынығы GA 380
890800000-нан Кемелер және кеме жұмыс істеп тұрған
кезде пайда болған, қауіпті заттар немесе
қалдықтар санатына жатқызылуы мүмкін
құрамында бар заттар мен материалдардан
мұқият босатылған суда жүзетін құрылғылар GC 030
3604-тен Пиротехникалық қалдықтар Y 15
3601-ден Жарылғыш заттардың қалдықтары Y15
3602-ден
2904-тен Көп мәрте азоттанған органикалық
2908-ден химиялық заттар Y 15

Ескерту:

*Тауардың қалдықтар тізбесіне жатқызылуы оның ВЭД ТН бойынша кодымен де, сондай-ақ оның атауымен де (физикалық және химиялық сипаттамаларымен) анықталады.

** Осы арада және әрі қарай Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының коды соңына нөмір қойылатын екі әріптен тұрады. Бірінші әріп G (Green) - жасыл, Y( Yellow) - сары, R(Red) - қызыл тізімін; екіншісі - қалдықтар санатын білдіреді.

"Қалдық" ұғымына: егер сол немесе өзге материал басқа позицияларға шынымен енгізілмеген болса, онда мыналар кіреді: ыс, құрым-күйе, шлак, дросс, қақ, қабыршақ, шаң, порошок, ұнтақ және кек түріндегі қалдықтар.

Осы арқылы бұл тіркеліп отырған мәтіндердің Кеден одағы туралы келісімге қатысушы-мемлекеттерге тасып әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтік, санитарлық, ветеринарлық, фитосанитарлық және экологиялық стандарттарды, нормаларды, ережелер мен талаптарды қолданудың бірыңғай тәртібі туралы 1999 жылғы 28 қаңтарда Мәскеу қаласында Беларусь Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары П.П.Козик, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ж.С.Кәрібжанов, Қырғыз Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.И.Силаев және Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының орынбасары В.А.Густов қол қойған Хаттаманың, сондай-ақ соңғысына қосымшаның: Кеден одағы туралы келісімге қатысушы-мемлекеттерге тасып әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтік, санитарлық, ветеринарлық, фитосанитарлық және экологиялық стандарттарды, нормаларды, ережелер мен талаптарды қолдануға бақылау орнату мен жүзеге асыруға уәкілетті министрліктер мен ведомостволардың тізбесінің; Өнімдерді сертификаттаудың тәртібі мен ережелеріне қойылатын жалпы талаптардың; Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік аумағына міндетті сертификаттауға жатқызылатын тауарларды тасып әкелу тәртібі туралы ереженің; Қатысушы-мемлекеттердің кедендік аумағына санитарлық, ветеринарлық және фитосанитарлық бақылауға жататын тауарларды тасып әкелудің тәртібі туралы ереженің; Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік аумағында мемлекеттік бақылауға жатқызылған тауарлардың болжалды тізбесінің; Фитосанитарлық бақылауға жатқызылған тауарлардың болжалды тізбесінің; Ветеринарлық бақылауға жатқызылған тауарлардың болжалды тізбесінің; Озон қабатын бұзатын және құрамында сондай өнімдер бар заттарды Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік аумағына тасып әкелу және Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік аумағынан тасып әкету тәртібі туралы ереже мен Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды мемлекеттік реттеудің бірыңғай тәртібі туралы ереженің бірдей көшірмесі болып табылатындығын

растаймын. Жоғарыда атап көрсетілген құжаттардың түпнұсқа даналары Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының Интеграциялық Комитетінде сақталады.

Байланып, нөмірленіп және
мөрмен бекітілген барлығы
81 парақ
Іс басқарушының орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК